

ЖОО компонентінің оқу пәндерінің тізімі

6B01 - Педагогикалық ғылымдар
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

6B014 - Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0114
(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

B005 - Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

6B01401 - Дене шынықтыру және спорт
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

бакалавр
(дайындық деңгейі)

Оқуға түскен жылы 2023 жыл

Әзірленді

БББ академиялық комитеті
АК жетекшісі Мукаев Ж.Т
БББ менеджері Мұхамбаев Б.Р

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Жаратылыстану-математика факультетінің
сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды
2023 жылғы "04" сәуірдегі №1 хаттама
Комиссия төрайымы Желдыбаева Б.С

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында 2023 ж. «25» сәуірдегі № 8 хаттама бекітілді.

БЕКІТІЛДІ

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында
2023 жылғы "01" қыркүйек No 1 хаттама.
Университеттің Ғылыми кеңесінің төрағасы Орынбеков Д.Р.

Дене шынықтыру және спорт мұғалімі мамандығына кіріспе

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән жалпы және спорттық педагогика негіздері, дене тәрбиесінің мемлекеттік жүйесі туралы білім береді. Дене шынықтыру, сауықтыру және спорттық мазмұндағы білім беру мекемелерінің жұмысының құрылымына қысқаша шолу жасайды. Университеттегі оқу процесінің қызмет ету жүйесі туралы ақпарат береді. Әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты өңдеу және оқу процесінде қолдану әдістемесінің ерекшеліктерін зерттейді.

Пәнді оқыту мақсаты

Пән жоғары оқу орынында білім алудың жүйесімен таныстырады, жалпы білім алу үрдісінің ұйымдастыру талаптарын игеруге бағыттайды, дене шынықтыру және спорт мамандығы саласының ерекшеліктерімен таныстырады.

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Дене тәрбиесі саласында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, білім беру мекемелерінің оқу-материалдық және нормативтік базасын қолдану бойынша педагогикалық білім негіздерін қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- Жоғары оқу орынында білім алу үрдісінің талаптарын игерді
- Дене шынықтыру және спорт мамандығын ұйымдастыруда қолдана алады
- Жаңа технология процессін әдістемелік ұйымдастыру барысында қолданады.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Жас ерекшелік психологиясы және физиология

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс адамның анатомиясы мен физиологиясы, жас ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді, жоғары жүйке қызметінің заңдылықтары және адамның жүйке жүйесінің функционалдық ерекшеліктері қарастырылады. Оқушылардың онтогенездегі психикалық және физиологиялық дамуы, жас ерекшеліктері мен дамуының негізгі заңдылықтары, психофизиологиялық нормаларды есепке алу негізінде баланың дамып келе жатқан тұлғасының маңызды психикалық ерекшеліктері туралы жүйелі түсінігін қалыптастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Оқушылардың онтогенездегі дұрыс, ғылыми білімді, адамның ақыл- ой және физиологиялық дамуын мәдени даму аспектісіндегі психология мен физиологиялық дамудың маңызды мәселелері бойынша әр түрлі көзқарастар туралы түсініктерін қалыптастыру. Студенттерді олардың кәсіби психологиялық - педагогикалық және физиологиялық дайындығын нығайтуға, психологиялық-физиологиялық білім бөлімін тереңдетуге ықпал ететін теориялық және практикалық біліммен қаруландыру.

Оқыту нәтижелері

ОН2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериялды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. адамның ақыл- ой және физиологиялық дамуын мәдени даму аспектісіндегі психологиямен физиологиялық дамудың маңызды мәселелері бойынша әртүрлі көзқарастар туралы түсініктерін қалыптастыру.
2. білім алушылардың кәсіби психологиялық - педагогикалық және физиологиялық дайындығын нығайтады.
3. психологиялық-физиологиялық білімбөлімінтереңдетуге ықпал ететін теориялық және практикалық біліммен қаруландыру.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Педагогикалық тәжірибе (психология-педагогикалық)

Экономикалық-құқықтық және экологиялық білім негіздері

Пән циклі	Жалпы білім беру пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Интеграцияланған пән құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, экономика, кәсіпкерлік және көшбасшылық, экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері саласындағы негізгі мәселелер мен қағидаттарды қамтиды. Нормативтік құқықтық актілерді пайдалану ерекшеліктері, Қоғамның іскерлік, этикалық, қоғамдық, экономикалық, кәсіпкерлік және экологиялық нормаларын пайдалана білу. Экологиялық-құқықтық, экономикалық, кәсіпкерлік қатынастардың, көшбасшылық қасиеттердің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қағидаттарының ерекшелігі.

Пәнді оқыту мақсаты

Антропогендік әсер ету және төтенше жағдайлар жағдайында тірі организмдердің, тұтастай биосфераның жұмыс істеуінің

негізгі заңдылықтарын және олардың тұрақты даму тетіктерін зерделеуден тұрады; сыбайлас жемқорлық ұғымын, оған қарсы күрестің заңдылығын, мемлекеттік қылмыстық-атқару саясатының мазмұнын түсінуден; білім алушыларда Экономикалық теория негіздері бойынша базалық іргелі тұрақты білімді қалыптастырудан, экономикалық ойлау іскерлігі мен дағдыларын сіңіруден; студенттерді кәсіпкерлік теориясы мен практикасымен, өз ісін құру негіздерімен таныстырудан; көшбасшылық қасиеттерді дамыту және жетілдіру.

Оқыту нәтижелері

ОН 1 Әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

☒ тіршілік әрекетінің маңызды басымдықтары ретінде табиғи ортаның қауіпсіздігі мен сақталу мәселелерін талдайды;
☒ табиғат пайдалану және орнықты даму негіздерін білетіндігін көрсетеді, техногендік жүйелердің қоршаған ортаға әсерін бағалайды;

☒ Қазақстан Республикасының негізгі нормативтік-құқықтық актілерін білуін, оларды түсінуді және қолданылуын көрсетеді;

☒ экономикалық процестердің даму заңдылықтары туралы білімдерін көрсетеді, өз ұстанымын нақты тұжырымдайды, оны қорғаудағы дәлелдерді табады және нақты баяндайды;

☒ кәсіпкерлік қызмет түрлері мен кәсіпкерлік ортаны сипаттай алады, бизнес-жоспар құра алады, кәсіпкерлік құрылымды құрады және оның қызметін ұйымдастыра алады;

☒ үлкен және кіші әлеуметтік топтарды басқарудағы көшбасшылық рөлі туралы іргелі ережелерді біледі.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Дене шынықтыру және спорт тарихы

Пән циклі Базалық пәндер

Курс 1

Академиялық кредит саны 5

Білімді бақылау нысаны Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән дене жаттығуларының пайда болуы мен дамуының теориялық негіздері мен тарихи алғы шарттарын, тарихтың әртүрлі кезеңдеріндегі дене шынықтыру және спорт жүйесін зерттейді. Түрлі халықтар арасында спорттың пайда болуының тарихи заңдылықтарын түсіндіреді. Ол Қазақстан Республикасындағы олимпиадалық және спорттық қозғалыстың, дене тәрбиесі жүйесінің даму тарихын ашады. Елімізде спорт пен дене шынықтыру-сауықтыру қозғалысының қазіргі заманғы даму деңгейімен және кадрлар даярлау жүйесімен таныстырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Осы курстың мақсатты бағыттарын, яғни оның заңдылықтарды – дене тәрбиесі мен спорттың жалпы принциптерін зерттеуге бағытталғандығын көрсетеді. Бұл, ең алдымен, дене тәрбиесі процесінде жағымды жеке қасиеттерді тәрбиелеу, адамдарды Еңбек және әскери қызметке дайындау кезінде дене тәрбиесінің қажеттілігі, дене жаттығуларын адамды сауықтырудың таптырмас құралы ретінде пайдалану.

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Дене тәрбиесі саласында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, білім беру мекемелерінің оқу-материалдық және нормативтік базасын қолдану бойынша педагогикалық білім негіздерін қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- Дене шынықтыру және спорт тарихының даму кезеңдерін игерді

- Замануи талаптарды және ұйымдастыру процестерін түсінді

- Жаңа технология талаптарына сәйкес дайындық жұмыстарын ұйымдастыра алады

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Педагогика

Пән циклі Базалық пәндер

Курс 1

Академиялық кредит саны 5

Білімді бақылау нысаны Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәннің мазмұны білім алушыларда педагогикалық ғылымның теориялық – әдіснамалық негіздері және кәсіби – педагогикалық іс-әрекеттің мәні туралы тұтас көзқарасты қалыптастыруға бағытталған. Курсты оқу білім беру ортасында тұтас педагогикалық процесті ұйымдастырудың мазмұны, принциптері, формалары мен әдістері туралы қажетті білімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Курсты оқу білім алушыларда оқу мен оқытудағы замануи тәсілдерді сәтті жүзеге асыру үшін қажетті құзыреттерді қалыптастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Педагогика оқу пәні ретінде студенттерде педагогика объектісі мен пәні, оның функциялары, категориялық аппарат, ғылым әдіснамасы туралы білімді қалыптастыруды мақсат етеді. Курсты оқу білім алушылардың білім беру мекемесі жағдайында педагогикалық процесті жобалау мен бағалауда қажетті құзыреттілігін қалыптастыруды көздейді. Пән тақырыптарының мазмұны оқыту мен тәрбиелеудің формаларын, құралдарын, әдістерін таңдауда және сәтті қолдануда білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді.

Оқыту нәтижелері

ОН2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды

бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

ON2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

1. Пән теориясы бойынша негізгі ұғымдарды біледі

2. Педагогикалық дайындық жүйесінде білімді меңгерген және тұтас педагогикалық үдерісті ескере отырып шешім қабылдайды

3. Педагог мамандығының негізгі дағдыларын қолданады

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Оқу практикасы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	2
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән университеттің білім беру үдерісін ұйымдастыру негіздерін меңгеру үшін қолданылатын психологиялық-диагностикалық әдістер кешенімен таныстырады. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында университеттің дене шынықтыру-сауықтыру жұмысының жүйесі және заманауи оқыту технологиясының негіздері туралы мәліметтер береді.

Университеттің оқу-материалдық базасымен және мектеп дене шынықтыру бағдарламасы бойынша негізгі тестілерді, тапсырмалар мен жаттығуларды қабылдау жүйесімен таныстырады. Университеттің дене шынықтыру ұжымында алғашқы жұмыс тәжірибесін алуға жағдай жасайды.

Пәнді оқыту мақсаты

Оқу практикасы білім алушылардың жалпы мәдени құзыреттерін дамыту, білім алушылардың бастапқы кәсіби құзыреттерді меңгеруі, зерттеу қызметінің алғашқы дағдыларын, іскерлік хат-хабарларды жүргізу іскерлігін алу, білім беру бағдарламасына сәйкес практикалық дағдылар мен жұмыс дағдыларын игеру болып табылады.

Оқыту нәтижелері

ON 3 Дене тәрбиесі саласында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, білім беру мекемелерінің оқу-материалдық және нормативтік базасын қолдану бойынша педагогикалық білім негіздерін қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың, оқу пәнінің типтік бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын білу және түсіну;

- кәсіби қызметте нормативтік-құқықтық базаны қолдану;

- кәсіби қызметте пәнаралық білімді қолдану;

- мамандар мен жетекшінің жұмысын жобалау, ұйымдастыру, талдау туралы түсініктерін дамыту;

- ұйымның мультимәдени ортасында жұмысты ұйымдастыру;

- есептік құжаттамадағы қызметті жобалау және талдау нәтижелерін көрсету, нақты тапсырмаға материалдарды іріктеуді жүзеге асыру.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Педагогикалық тәжірибе

Инклюзивті білім беру

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс барысында студенттер инклюзивті білім берудің принциптері мен әдістемелік негіздері туралы білімдерін қалыптастырады. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауға, инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуде туындайтын кедергілерді болдырмауға, сондай-ақ инклюзивті білім беру саласындағы ұйымдастырушылық және басқару құзыреттеріне қатысты заманауи талаптардың жаңа үлгілері туралы идеялар қалыптасады. Білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үлгілері туралы білімді меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

Бұл пәннің мақсаты-студенттерді білім берудегі инклюзивті процестерді ұйымдастыру мен басқарудың негізгі ережелерімен таныстыру; инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызметке дайын, балалар мен олардың отбасыларына әлеуметтік психологиялық-педагогикалық қолдау көрсете алатын, олардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық студенттер үшін білім беру бағытын құрудың инновациялық технологияларын меңгерген динамикалық, тиімді, өзін-өзі жетілдіретін маман қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. мүмкіндігі шектеулі балалардың интеграциясы туралы ғылыми-практикалық идеялар қалыптасуда.

2. инклюзивті практика жағдайында білім беру ұйымдарының әдістемелік, басқарушылық жұмысымен танысады.

3. инклюзивтік білім беру ұйымдарында білім беру үдерісінде мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім беру ерекшеліктерін түсінеді.

Пререквизиттер

Жас ерекшелік психологиясы және физиология

Постреквизиттер

Педагогикалық тәжірибе (психология-педагогикалық)

Жаңартылған білім беру мазмұнының технологиясы және критериалды бағалау

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл пән білім беру мекемесінің дене шынықтыру саласындағы жаңартылған білім беру мазмұнының бағдарламасын оқытудың тиімді тәсілдерін қолдану әдістемесін зерттейді. Оқушылардың оқу жетістіктерін тиімді және ынталандырушы бағалауға, сондай-ақ жаңартылған білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесін жоспарлау дағдыларын меңгеруге мүмкіндік беретін, сумативті және формативті, критериалды бағалау технологиясының ұйымдастырушылық-педагогикалық негіздерінің кең ауқымды мәселелерін қамтиды.

Пәнді оқыту мақсаты

1. Болашақ дене тәрбиесі және спорт саласында жұмыс атқаратын жоғары білімді маманды арнайы біліммен, ұғымдармен дене тәрбиесі және спорт жаттықтырулары сабақтарын ұйымдастыру амалдарымен, әдістерімен, әдістемелерімен қаруландыру.

2. Студенттерді дене тәрбиесі мен спортқа байланысты, адам тәрбиесіне байланысты, рухани сана-сезімге байланысты салаларда терең түсінік, біліммен, әртүрлі теориялармен қаруландыру.

3. Болашақ дене тәрбиесі мен спорт саласында жұмыс атқаратын жоғарғы білімді маманға қажет арнайы біліммен, терминдермен, түсініктермен, жаттығу ды орындау және ұйымдастыру әдістерімен таныстыру, іскерлікке тәрбиелеу.

4. Студенттерге дене мәдениетінің мемлекетіміздегі маңызы, қоғамдағы орны туралы кең, терең мәліметтер беру.

Оқыту нәтижелері

ON2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- Орта білімнің жаңартылған мазмұны бойынша оқыту әдістері пәнін оқу барысында студенттер дене тәрбиесі және спорттық жаттықтыру сабақтарын ұйымдастыруға қажет дене тәрбиесі амалдарын, әдістерін, қағидаларын үйренді;

- Дене қуаты қасиеттерін, оны дамыту жолдары туралы теориялық мәліметтер алды.

- Жоспарлау технологиясын, сабақтарды талдауды үйренді.

- Сабақтар жүргізу іскеліктері мен дағдыларына қалыптасты.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Абай әлемі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән тарихи фактілерді, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының идеялық-эстетикалық құндылықтарды қалыптастыратын философиялық-көркемдік негіздерін игерте отыра, студенттің өз пікірін айта білу, практикалық дағдыларды және адамгершілік, адалдық, көркем мінез сияқты адами қасиеттерді қабылдауды меңгертеді. Қазақ әдебиеті қаламгерлерінің данышпандық қырлары мен М.Әуезовтің Абай мұрасын зерттеу, насихаттаудағы рөлін, шығармаларының тарих, әдебиет, ғылым үшін маңызын айқындайды.

Пәнді оқыту мақсаты

Философиялық және дүниетанымдық болмыстың мағынасын қалыптастыру, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов шығармаларында көтерілген мәселелерді түсіну және алған білімді күнделікті өмір тәжірибесінде қолдану.

Оқыту нәтижелері

ON 1 Әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасына қатысты тарихи фактілерді, шығармалардың философиялық-көркемдік негіздерін талдайды

2) Абайдың философиялық-көркем шығармаларының гуманистік идеяларын практикада қолданады

3) Абай еңбектерінің әдебиет және ғылым тарихындағы орны мен маңызын бағалайды

Пререквизиттер

Қазақ тілі Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Білім беру мекемелеріндегі дене шынықтырудың оқу-материалдық және нормативтік базасы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

“Білім беру мекемелеріндегі дене шынықтырудың оқу- материалдық және нормативтік базасы” пәнін оқу болашақ дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби дайындығына кіреді. Мазмұнында жалпы білім беретін оқу орындарында дене шынықтыру процесін ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері беріледі. Спорт ғимараттарының пайда болу тарихы және олардың спорттық және дене шынықтыру- сауықтыру инфрақұрылымының қазіргі заманғы дамуы зерттеліп, мектептегі спорт ғимараттарын жоспарлау, жобалау, пайдалану және қызмет көрсету мәселелері қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Білім беру мекемелеріндегі дене шынықтыру оқу- материалдық және нормативтік базасыпәні - курсының оқыту мақсаты басқа пәндермен тығыз баланыстырыла отырып студенттерге, болашақ дене тәрбиесі мен спорт мамандарына білім беру мекемелеріндегі дене шынықтыру оқу- материалдық және нормативтік базасынегізгі тұстарынан хабардар ете отырып, біліммен сусындандырады.

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Дене тәрбиесі саласында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, білім беру мекемелерінің оқу-материалдық және нормативтік базасын қолдану бойынша педагогикалық білім негіздерін қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

Білу керек:

- пәннің маңызын,мақсатын және оның өзінің болашақ мамандығына пайдалана білу керек
- Оқу процесіне материалды жүйелендізу.
- спорт құрылымдарды жөндеу алу, жергілікті орынға қажетті спорт құрылымын жасау. Педагогикалық ғылым ретінде, ол дене шынықтыру мен спортты қоғамның әлеуметтік өмірі мен мәдениетінің ерекше түрі ретінде зерттейді.
- Қалыптасатынқұзыреттіліктер:
- білім беру процесінің әдістемелік қамтамасыз етуін жүзеге асырады

Орындау керек:

- спорт құрылымдарды жөндеу алу, жергілікті орынға қажетті спорт құрылымын жасау.
- Арнайы түсініктер мен терминдерді орынды қолдану.
- Әдістемелік оқыту жүйесін тиімді қолдану.
- Оқу-жаттықтыру сабақтары мен жиындарды ұйымдастыру және өткізе білу.
- Өздігінен үздіксіз білімін жетілдірумен айналысу.

Дағдысының болуы керек:

- оқу - жаттықтыру сабақтарына қажетті спорт құрылымдарын және басқада нормативтік құжаттар негізінде қажетті бқыымдаржасап, сабақ өткізу.
- Оқу-жаттықтыру сабақтарын, төрешілікті және жарыстарды ұйымдастыру және өткізе білу.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Дене тәрбиесін оқыту әдістемесі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курс жалпы білім беретін мекемелеріндегі дене шынықтыру бойынша тұтас білім беру үдерісін ұйымдастыру және өткізу бойынша теория мен әдістемені оқыту негіздерін қамтиды. Дене шынықтыру сабағы мен сыныптан тыс жұмыстың психологиялық-педагогикалық негіздері туралы түсінік береді. Дене тәрбиесі жүйесіндегі бағыттарды – спорттық жаттығудың және кәсіби- қолданбалы дене дайындығының ерекшеліктерін, дене шынықтыру- сауықтыру және спорттық- бұқаралық жұмыстарды, өзара байланысты тұтас құрылым ретінде қарастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Жалпы білім беретін мекемелеріндегі дене шынықтыру және спорт саласы бойынша тұтас білім беру үдерісін ұйымдастыру және өткізу бойынша теория мен әдістемені оқыту негіздерін қамту.

Оқыту нәтижелері

ОН2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- Дене шынықтыру және спорт саласында жұмыстарды жоспарларлауды толық игерген;
- Дене шынықтыру үрдісін талапқа сай ұйымдастыра біледі;
- Дене тәрбиесі бағыттарына сәйкес жұмыстарды толық атқара алады.

Пререквизиттер

Дене шынықтыру және спорт мұғалімі мамандығына кіріспе

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Рекреация негіздері және спорттағы статистика әдістері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Аталған пән адамзаттың әл-ауқаты мен жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіру мақсатында ұйымдастырылатын рекреациялық шаралар кешенін оқытады. Спорттағы статистика дене тәрбиелеу үрдісі жұмыстарының нәтижелерін реттей отырып, сабақ барысында спортпен айналысушылардың жынысы мен жасына сәйкес дене дамуларының деңгейлерін анықтау, спорттағы жетістіктерін реттеу, жоспарлау, ғылым ізденіс жұмыстары барысында алынған нәтижелерді математикалық талдау әдістерін, алынған қорытындылардың сенімділігін бағалау оқытады.

Пәнді оқыту мақсаты

дене тәрбиесі және спорт саласында ғылыми негізделіп, әдістемелік талапқа сай, дұрыс ұйымдастырылған демалыстар барысында адамзаттың денсаулығы мен жұмыс қабілеттерін қалпына келтіру.

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Дене тәрбиесі саласында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, білім беру мекемелерінің оқу-материалдық және нормативтік базасын қолдану бойынша педагогикалық білім негіздерін қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

«Дене тәрбиесі саласында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, білім беру мекемелерінің оқу-материалдық және нормативтік базасын қолдану бойынша педагогикалық білім негіздерін қолдану».

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Пән бойынша сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән болашақ мамандардың дене шынықтыру және спорт бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру бойынша білімдерін жүйелеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқу орындарында бұқаралық- спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі формалар, құралдары мен әдістері туралы түсінік береді. Дене шынықтырудағы, салауатты өмір салтын дамыту және насихаттау, жаттықтыру және оқу тәрбие үрдістерін ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Пән болашақ мамандардың дене шынықтыру және спорт бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру бойынша білімдерін жүйелеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар оқу орындарында бұқаралық- спорттық- сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі нысандары, құралдары мен әдістері туралы түсінік береді. . Дене шынықтыруды дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау және спортта оқу-тәрбие үрдістерін ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырады.

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Дене тәрбиесі саласында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, білім беру мекемелерінің оқу-материалдық және нормативтік базасын қолдану бойынша педагогикалық білім негіздерін қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- дене шынықтыру және спорт бойынша сыныптан тыс жұмыстардың ерекшеліктерін біледі
- дене шынықтыру сабағымен ұштастыра алады
- оқушылардың сабақтан тыс уақыттарын пайдалы қолдануларын ұйымдастыра біледі

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Көпшіліктің денсаулығын арттыру жұмыстарын ұйымдастыру

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

«Көпшіліктің денсаулығын арттыру жұмыстарын ұйымдастыру» пәні әр түрлі деңгейдегі білім беру және спорт мекемелерінде сауықтыру, дене шынықтыру және бұқаралық- спорттық жұмыстарды ұйымдастыруда педагогикалық және әлеуметтанулық зерттеулерді, теориялық білімдер мен кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған. Оның физикалық және мәдени бағыттарын жүзеге асыруға кең мүмкіндік бере отырып, әр түрлі жастағы халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау.

Пәнді оқыту мақсаты

1. Болашақ дене тәрбиесі және спорт саласында жұмыс атқаратын жоғары білімді маманды арнайы біліммен, ұғымдармен дене тәрбиесі және спорт жаттықтырулары сабақтарын ұйымдастыру амалдарымен, әдістерімен, әдістемелерімен қаруландыру.
2. Студенттерді дене тәрбиесі және спортқа байланысты, адам тәрбиесіне байланысты, рухани сана- сезіме байланысты салаларда терең түсінік, біліммен, әртүрлі теориялармен қаруландыру.
3. Болашақ дене тәрбиесі мен спорт саласында жұмыс атқаратын жоғарғы білімді маманға қажет арнайы біліммен,

терминдермен, түсініктермен, жаттығуды орындау және ұйымдастыру әдістерімен таныстыру, іскерлікке тәрбиелеу.
4. Студенттерге дене мәдениетінің мемлекетіміздегі маңызы, қоғамдағы орны туралы кең, терең мәліметтер беру.

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Дене тәрбиесі саласында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, білім беру мекемелерінің оқу-материалдық және нормативтік базасын қолдану бойынша педагогикалық білім негіздерін қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

Пәнді оқу нәтижесінде студент келесі білім мен дағдыларды меңгеруі керек:

Білу

- дене шынықтыру мен спорт теориясы мен әдістемесі;
- мектептегі дене тәрбиесі туралы түсінік.
- Материалды оқу үрдісіне енгізу реттілігі.

Болу

- дене шынықтыру мен спорттың теориялық және практикалық негіздері бойынша мұғалімнің жұмысын жоспарлау,
- Оқытудың әр түрлі құралдары мен әдістерін қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастырудың әр түрлі формаларын ұйымдастыру және жүргізу,
- Дене дайындығы деңгейін бақылау мен диагностикасын жүргізу,
- дене шынықтыру бағдарламасының мазмұнын жоспарлау және оқу процесіне енгізу;
- әдістемелік оқыту жүйесін тиімді қолдану,
- дене шынықтыру мен спорт терминологиясын қалыптастыру,
- үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеуге қатысады.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Педагогикалық практика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Психологиялық-педагогикалық практиканың мазмұны мектептің тұтас педагогикалық процесінде оқу-педагогикалық процесті және басқару жүйесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы идеяны қалыптастыруға бағытталған.

Білім алушысының жетекшісінің жұмыс жүйесін қоса алғанда, педагог қызметінің барлық түрлері мен бағыттары мен танысады, сабақтар мен

сыныптан тыс сабақтар барысында байқау, білім алушылардың жас ерекшеліктерінің психологиялық- педагогикалық диагностикасын жүргізеді. Психологиялық-педагогикалық ағарту жұмысын жүргізеді

Пәнді оқыту мақсаты

1. Студенттердің университетте алған теориялық білімдерін тереңдету және бекіту, сонымен қатар осы білімдерін
2. Жас маманның оқу жұмысындағы практикада оқу-тәрбие жұмысында қолдана білуді үйрету. практикасының мазмұнына оның сабақ процесінде оқушының танымдық қызметін жандандыратын әртүрлі әдістерді, әдістемелік қалыптағандар мен құралдарды қолдана білуі; сыныптан тыс жұмыстарды, факультативті сабақтарды жүргізу; нашар оқушыларға көмек көрсету; дене шынықтыру әдістемелік кабинетін жабдықтау, мектептің кабинет жүйесіндегі жұмыстарын ұйымдастыру кіреді.

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Дене тәрбиесі саласында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, білім беру мекемелерінің оқу-материалдық және нормативтік базасын қолдану бойынша педагогикалық білім негіздерін қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

Кәсіби дамудың жеке жоспарларын іске асыру амалдарын біледі;

- Кәсіби саладағы оқыту мен тәрбиелеудегі қазіргі заманғы білім беру технологияларын әзірлеу принциптері мен әдістерін біледі;
- Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне және берілген оқу мақсаттарына сәйкес оқу материалдарын әзірлейді;
- Өз еркімен дене сапаларын дамытуға бағытталған педагогикалық жұмыстың тиімді құралдарын жүйелеу мен тарату амалдарын анықтайды және оқытудың әдістері мен бағдарламаларын іске асырады;

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Денсаулық сақтайтын технологиясының негіздері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән денсаулықты сақтау және кәсіби ұзақ өмір сүру мәселелерінде жаңартылған оқыту мен тәрбиелеудің классикалық технологияларын толықтыратын педагогикалық қызметтің негіздері мен әдістерінің жиынтығын көрсетеді. Денсаулықты жинақтаудың көп деңгейлі тұжырымдамасы ретінде медициналық-гигиеналық, сауықтыру, дене шынықтыру, экологиялық-денсаулықты сақтау-тәрбиелеу процестерін, сонымен қатар өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етудің технологиялық процестерін талдайды. Халқтың денсаулығын сақтау жүйесін нормативтік-техникалық қамтамасыз ету құралдарын ұсынады.

Пәнді оқыту мақсаты

Студенттерге дене шынықтыру мен спорттың терең теориялық негіздерін беру, сонымен қатар студенттерге оның негізгі тұжырымдамаларын әртүрлі оқу орындары мен спорт ұйымдарында іс жүзінде жүзеге асыруға үйрету.

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Дене тәрбиесі саласында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, білім беру мекемелерінің оқу-материалдық және нормативтік базасын қолдану бойынша педагогикалық білім негіздерін қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- Өз денсаулығына құндылық көзқарасын қалыптастыру
- Салауатты өмір салтына деген қажеттілікті қалыптастыру

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері